

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 мамыр N 582

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына **Масғұт Айқымбаевтың есімі берілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің "Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны " **Масғұт Айқымбаев атындағы қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар ғылыми орталығы**" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) **б о л ы п қ а й т а а т а л с ы н .**

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорынның әділет органдарында қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер **е н г і з і л с і н :**

- 1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**
- 2) "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 P991852_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527 - қ ұ ж а т) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің карауындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Мемлекеттік кәсіпорындар" 2-бөліміндегі реттік нөмірі 35-жол мынадай **р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :**

"35. Масғұт Айқымбаев атындағы қазақ карантиндік және зооноздық инфекциялар

Ғ Ы Л Ы М И

О Р Т А Л Ы Ғ Ы " .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК